

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 22 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 қаңтарда № 4423 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 8-бабының 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері осы қаулыға қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 78 "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Оңтүстік Қазақстан облысының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында ойнайтын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайын ақшалай үлес төлеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3150 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 сәуірде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялау үшін Оңтүстік Қазақстан облысында таралатын мерзімді басылымдарға жіберуді;

4) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ж.Түймебаев

Ә.Ш.Өсербаев

Ә.Е.Тұрғымбеков

Б.С.Жамалов

Е.Ә.Садыр

Ұ.Сәдібеков

Т.К.Сәрсембаев

А.С.Сәбитов

А.Б.Тасыбаев

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2018 жылғы "19"
қаңтардағы № 22 қаулысына
қосымша

Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықталым төлемдерінің мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 26.12.2023 № 298 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Жарыстардың атаулары	Орын	Төлем мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)		
		Спортшылар	Жаттықтырушылар	Клубтық команда жетекшілер
Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы);	1-орын	250 АЕК	250 АЕК	250 АЕК
	2-орын	175 АЕК	175 АЕК	175 АЕК

Паралимпиада ойындары (жазғы, қысқы); Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	3-орын	150 АЕК	150 АЕК	150 АЕК
	4-орын	140 АЕК	140 АЕК	140 АЕК
	5-орын	120 АЕК	120 АЕК	120 АЕК
Әлем чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық спорт түрлері бойынша	6-орын	100 АЕК	100 АЕК	100 АЕК
	1-орын	150 АЕК	150 АЕК	150 АЕК
	2-орын	130 АЕК	130 АЕК	130 АЕК
Әлем чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша	3-орын	110 АЕК	110 АЕК	110 АЕК
	1-орын	110 АЕК	110 АЕК	110 АЕК
	2-орын	90 АЕК	90 АЕК	90 АЕК
Азия, Пара Азия ойындары (жазғы, қысқы); Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	3-орын	70 АЕК	70 АЕК	70 АЕК
	1-орын	130 АЕК	130 АЕК	130 АЕК
	2-орын	120 АЕК	120 АЕК	120 АЕК
Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы); Азия чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық спорт түрлері бойынша; Әлем чемпионаты (жастар арасында): олимпиадалық спорт түрлері бойынша	3-орын	110 АЕК	110 АЕК	110 АЕК
	1-орын	110 АЕК	110 АЕК	110 АЕК
	2-орын	90 АЕК	90 АЕК	90 АЕК
Азия чемпионаты (ересектер арасында) : олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша	3-орын	70 АЕК	70 АЕК	70 АЕК
	1-орын	90 АЕК	90 АЕК	90 АЕК
	2-орын	70 АЕК	70 АЕК	70 АЕК
Әлем чемпионаты (жасөспірімдер арасында): олимпиадалық спорт түрлері бойынша; Азия чемпионаты (жастар арасында): олимпиадалық спорт түрлері бойынша;	3-орын	50 АЕК	50 АЕК	50 АЕК
	1-орын	90 АЕК	90 АЕК	90 АЕК
	2-орын	80 АЕК	80 АЕК	80 АЕК
	3-орын	70 АЕК	70 АЕК	70 АЕК

Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер арасында): олимпиадалық спорт түрлері бойынша; Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-орын	80 АЕК	80 АЕК	80 АЕК
	2-орын	70 АЕК	70 АЕК	70 АЕК
	3-орын	60 АЕК	60 АЕК	60 АЕК
Қазақстан Республикасының чемпионаты (ересектер арасында): олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша	1-орын	60 АЕК	60 АЕК	60 АЕК
	2-орын	50 АЕК	50 АЕК	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
Қазақстан Республикасының Жастар спорт ойындары (жазғы, қысқы); Қазақстан Республикасының чемпионаты (жастар арасында): олимпиадалық спорт түрлері бойынша	1-орын	60 АЕК	60 АЕК	60 АЕК
	2-орын	50 АЕК	50 АЕК	50 АЕК
	3-орын	40 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
Қазақстан Республикасының чемпионаты (жастар арасында): олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша	1-орын	50 АЕК	50 АЕК	50 АЕК
	2-орын	40 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
	3-орын	30 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
Қазақстан Республикасының чемпионаты (жасөспірімдер арасында): олимпиадалық спорт түрлері бойынша;	1-орын	40 АЕК	40 АЕК	40 АЕК
	2-орын	30 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
	3-орын	20 АЕК	20 АЕК	20 АЕК
Қазақстан Республикасының чемпионаты (жасөспірімдер арасында): олимпиадалық емес	1-орын	30 АЕК	30 АЕК	30 АЕК
	2-орын	20 АЕК	20 АЕК	20 АЕК
	3-орын	10 АЕК		10 АЕК

спорт түрлері бойынша			10 АЕК	
--------------------------	--	--	--------	--

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК